

Ежелгі мұралардағы ұлттық ИДЕЯ

«Ұлы Қазақ даласы – Түрік елінің қара шаңырағы» деп ел басшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, қазақ халқының ескі дәстүрі мен мәдениетінің шығу төркінін іздегенде сол түркі тілдес халықтармен тамырласып жататыны әмбеге аян. Көк түріктердің көне жұртынан қалған ескерткіштер тілінен де осы іздерді аңғарып жатамыз.

Ежелгі дәуір әдебиеті мұраларынан, оның ішінде Ұлы Түрік қағанатының VI-VIII ғасыр аралығындағы әдет-ғұрпы, жалпы барлық тарихи болмысынан хабардар ететін әрі тасқа қашалып жазылып сақталған асыл мұраларымыз – «Білге қаған», «Күлтегін», «Төныкөк» жырларын сөз етсек, бұл ескерткіштерде жерін, дінін, елін қорғауды болашақ ұрпаққа өсиет етіп қалдырған жыр жолдары молынан ұшырасады. «Күлтегін» жырындағы:

*Ілгері – күн шығысында,
Оң жақта – күн ортасында,
Кейін – күн батысында,
Сол жақта – түн ортасында,–*

деген жолдардан байырғы ата-бабамыздың төрткүл дүниені өздеріне қаратып қана қоймай, ұлан-ғайыр жерімен мақтана алатынымен әлемге паш етілгені аңғарылады. Тіпті, «Төныкөк» жырында түркі халықтарының Тәңір мен Ұмай анаға қалай табынса, жер-суына да солай қасиет тұтатыны былай өрнектеледі:

*Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су
Бізді қорғайды, ойлану керек.*

Бұл жай сөздер емес, кейінгі ұрпаққа да ой тастайтындай ұлағатты сөз екеніне дауа жоқ.

Йоллығ тегін әкесі Білге ханның басына ескерткіш орнатқанда елі мен жерін қызғыштай қорғай алған түркі халықтарының биік рухын жырлап қана қоймай, әкесімен қоса Күлтегін ағасына да арнап, олардың ерліктерін дәріптеген жырлар жазды. Мәселен,

*Түркі бектері, халқы –
Бұны тыңдаңдар!
Түркі халқын жиып
Ел болыңдар! –*

деген жолдардан Білге қағанның ел бірлігін сақтаудағы әділ саясаты мен парасаттылығы сөз етілсе,

*Кедей халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым...
Түркі иелігінен айырылған халықты
Ата-баба мекеніне орнаттым...–*

деген жолдардан Күлтегіннің еліне жасаған ірі игілікті істері насихатталады.

Жырда Күлтегіннің түркі халқы үшін еткен еңбегі айтыла келе, түркі халқының табғаштарға бодан болуының түпкі себебі де көрсетіледі. Онда:

*Ақылды кісілерді, батыл кісілерді
Табғаштар қозғай алған жоқ.
Тәтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып
Түркі халқы қырылды,*

*Түркі халқы жойылдың,
Түстікте Шұғай қойнауы түгіл,
Түн жазығына қоныстансақ десуші ең.
Түркі халқы, жойылдың, –*

дей келе ақылды адамдарды табғаштардың өз арбауына түсіре алмағаны, бірақ қарапайым халықтың алтынға, асыл дүниеге қызыққаны, сол дүниеқоңыздықтың түркі халықтарының түбіне жеткендігі айтылады.

Аңдыған жау түркі халықтарының аңғалдығын пайдаланып, былай дер еді:

*«Жырақ болса, жаман сыйлық берер,
Жақын болса, жақсы сыйлық берер» - деп.
Осылай иландырып еді.
Білімсіз кісілер сол сөзге нанып,
Жақын барып көбің қырылды.*

Жырда ұлттық мұраттар мен ұлттық құндылықтар мәселесі айқындалған. Табғаштар салған ылаң мен іріткіге ырық беріп жалған сөздің жетегіне кетіп, қырылып, жойылып бара жатқан халықтың іс-әрекеті де баяндалады.

Түркі халқы үшін жер жәннаты болған Өтүкен қойнауы қасиетті, онда орнығып отырса қағанат қамсыз, ел мұңсыз болатындығы ескеріледі. Яғни,

*... Өтүкен қойнауында отырсаң,
Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен,
Онда түркі халқы тоқ.*

«Күлтегін» жырындағы:

*Екі аралықта жүрген иесіз көк
Түріктерді осылай
Қоныстандырған екен,
Білге қағандар екен,
Алып қағандар екен,
Әміршілері де бірге болған екен,
Алып болған екен.
Бектері де, халқы да
сенімді екен.
Сол үшін де елін сонша
(ұзақ) билеген екен,–*

деген жолдардан VIII ғасырға дейінгі түркі халқын билеген қағандардың, билеушілердің әділ, алып болғандығы және бектері де, халқы да біріне-біріне сенімді болғандығы жырда мақтанышпен айтылып, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге етіледі. Түркілер құрған ұлы қағанаттың аты, даңқы өшпеуін тілейді. «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, Қызыл қанымды төктім, қара қанымды ағыздым, күш-қуатымды аямадым» деген жолдардан ел шетіне жау келгенде Тоныкөктің осындай іс-әрекет жасағаны мадақталып, жалпы түркі елінің іргесі берік болу үшін осындай аса білгір, көреген, батыр да өжет уәзір, қолбасы керек екені жырда баса көрсетіліп айтылған. Демек, көктүріктердің мемлекеттік-ұлттық санасын кемелдендірген ұлттық идеясы өз заманына лайық, аса жетілгенін аңғарамыз.

Ал осы алып, әділ қағандардың құрған мемлекеті неге табғаштарға тәуелді болып, түркі халқы елдігінен қалай айырылғаны, яғни, біліксіз

қағандар мен жалтақ әміршілер тұсындағы жағдай жырда анықтап айтылады. Мәселен,

*Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен.
Әміршілері де біліксіз екен,
Жалтақ болған екен.*

*Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,
Арбауына көнгендігінен (сенгендігінен)
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті-халқының жауласқандығынан
Түркі халқы елдігін жойды, –*

деп түркі руларының үстем тап өкілдерін, бектерін жағымпаз, таққұмарлығы үшін айыптайды. Ел ішіндегі бақталастық, ымырасыздық, әміршілердің ақылсыздығы, бұның бәрі түркі халқының елдігін жойды. Бұл өте қауіпті кезең еді. Алайда өздерін тәңірдің сүйікті құлы санаған түркі халықтары тәкәппар, ержүректілігін тағы бір дәлелдегісі келіп, қайта атқа қонады.

*Түркі халқы:
«Қырылайық, жойылайық», - десті,
Ажалға жылжи бастады,
Көкте түркі тәңірісі,
Түркінің қасиетті жері, суы, былай депті:
«Түркі халқы жойылмасын», – дейді,
Ел болсын», – дейді.*

Бұдан кейін арада елу жыл өтті. Азат халық өз бостандығын жоқтап елу жыл толарсақтан қан кешті. Ақыры дегені болып, жеңіске жетті. Себебі, түркі халқының «Қағаны – алып, ақылгөйі – кемеңгер» еді. Түркі халқының жаулары қидандар, табғаштар, оғыздар «Осы екеуі тірі болса бізге жеңу жоқ» деп сескеніп, қатты налитын болған.

Түйіп айтқанда, қазақтың арғы бабасы түркі жұртының «Бастыны еңкейткен, Тізеліні бүктірген» қуатты мемлекет болғаны мен алып ерлерінің ұлы істері тасқа жазылған дастандар арқылы бізге жеткені рас. Ал сол мұралармен бірге ешқандай елге бас имеген түркі халқының асқақ рухы да көк пен жерде мәңгілік шарлап өтетіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. М.Жолдасбеков. Орхон ескерткіштері. – Астана: Фолиант, 2001. – 176.
2. Ежелгі түркі рун жазбалары: Күлтегін, Тоныкөк (әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли). – Алматы: Өлке, 2001. – 144 бет.
3. Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгіні мен болашағы. – Астана: Ер Дәулет, 2004. – 232 бет.

Аннотация: Мақалада Ежелгі дәуір әдебиеті мұраларынан, оның ішінде Ұлы Түрік қағанатының VI-VIII ғасыр аралығындағы әдет-ғұрпы, жалпы барлық тарихи болмысынан хабардар ететін әрі тасқа қашалып жазылып сақталған асыл мұраларымыз – «Білге қаған», «Күлтегін», «Төныкөк» жырларынан жерін, дінін, елін қорғауды болашақ ұрпаққа өсиет етіп қалдырған ежелгі мұраларда ұлттық идея молынан ұшырасатындығы қарастырылған.

Жырда ұлттық мұраттар мен ұлттық құндылықтар мәселесі, табғаштар салған ылаң мен іріткіге ырық беріп жалған сөздің жетегіне кетіп, қырылып, жойылып бара жатқан халықтың іс-әрекеті де баяндалады.

Қазақтың арғы бабасы түркі жұртының «Бастыны еңкейткен, Тізеліні бүктірген» қуатты мемлекет болғаны мен алып ерлерінің ұлы істері тасқа жазылған дастандар арқылы бізге жеткені рас. Ал сол мұралармен бірге ешқандай елге бас имеген түркі халқының асқақ рухы да көк пен жерде мәңгілік шарлап өтетіні сөзсіз.

Abstract: In article the national idea of the Ancient heritage is considered